

Д.Е. Абдраманова\*<sup>1</sup> , А.Р. Ерментаева<sup>1</sup> , М.Қ. Битокова<sup>3</sup> , А.Ж. Аяпбергенова<sup>3</sup> 

<sup>1</sup>Тұран университеті, Қазақстан, Алматы қаласы

<sup>2</sup>«Reinhardshöhe» клиникасы, Бад-Вильдунген қ., Гессен, Германия.

<sup>3</sup>Қазақ Ұлттық Қыздар педагогикалық университеті, Қазақстан, Алматы қаласы

[23230837@turand-edu.kz](mailto:23230837@turand-edu.kz)

## Студенттердің психологиялық парасаттылығы мен тұлғалық қасиеттерінің өзара байланысы

### Аңдатпа

Қазіргі жоғары білім беру кеңістігінде студент тұлғасының психологиялық ресурстарын, әсіресе оның өзін-өзі тану, рефлексия және эмоциялық реттеу қабілеттерін зерттеу маңызды ғылыми бағыттардың бірі болып табылады. Осы тұрғыда ұсынылып отырған зерттеу студенттердің психологиялық парасаттылығы мен тұлғалық қасиеттері арасындағы өзара байланысты эмпирикалық тұрғыда анықтауға бағытталған. Психологиялық парасаттылық тұлғаның ішкі психикалық процестерін түсінуі, өз тәжірибесін саналы талдауы және мінез-құлқының себеп-салдарлық байланыстарын ұғыну қабілеті ретінде қарастырылады. Зерттеуге Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің 1-2 курсына білім алатын 266 студент ерікті түрде қатысты. Зерттеу барысында Psychological Mindedness Scale (Conte және т.б.) және «Үлкен бестік» тұлғалық сауалнамасы қолданылды. Айнымалылар арасындағы өзара байланыстарды анықтау үшін Спирменнің рангілік корреляция коэффициенті пайдаланылды, ал мамандықтар арасындағы айырмашылықтарды бағалау үшін топаралық салыстырмалы талдау жүргізілді. Статистикалық өңдеу SPSS бағдарламасы арқылы жүзеге асырылды. Зерттеу нәтижелері психологиялық парасаттылықтың адалдық пен тәжірибеге ашықтық сияқты тұлғаның жағымды қасиеттерімен тұрақты оң байланысқа ие екенін көрсетті. Сонымен қатар, нейротизм психологиялық парасаттылықтың жекелеген рефлексиялық компоненттерімен теріс байланыс байқатты. Мамандықтар бойынша салыстыру нәтижесінде педагогика және психология мен мектепке дейінгі тәрбие мамандықтары арасында психологиялық парасаттылық деңгейінде статистикалық мәнді айырмашылық анықталды. Алынған нәтижелер психологиялық парасаттылықтың көпөлшемді, интегративті психологиялық құрылым екенін дәлелдейді және оның тұлғалық жетілу, эмоциялық тұрақтылық пен әлеуметтік тиімділікпен тығыз байланысты екенін көрсетеді. Зерттеу қорытындылары студент жастардың тұлғалық дамуын қолдауға бағытталған психологиялық бағдарламаларды әзірлеуде теориялық және практикалық маңызға ие.

**Түйін сөздер:** психологиялық парасаттылық, рефлексия, тұлғалық қасиеттер, жауапкершілік, нейротизм, тәжірибеге ашықтық.

Д.Е. Абдраманова\*<sup>1</sup>, А.Р. Ерментаева<sup>1</sup>, А.И. Гарбер<sup>2</sup>, М.Қ. Битокова<sup>3</sup>, А.Ж. Аяпбергенова<sup>3</sup>,

<sup>1</sup>Университет Туран, Казахстан, Алматы

<sup>2</sup>«Reinhardshöhe» клиника, г. Бад-Вильдунген, Гессен, Германия.

<sup>3</sup>Казахский национальный женский педагогический университет, Казахстан, Алматы

[23230837@turand-edu.kz](mailto:23230837@turand-edu.kz)

## Взаимосвязь психологической разумности и личностных качеств у студентов

### Аннотация

В современном пространстве высшего образования изучение психологических ресурсов личности студента, в частности его способности к самопознанию, рефлексии и эмоциональной регуляции, является одним из актуальных научных направлений. В этом контексте настоящее

исследование направлено на эмпирическое выявление взаимосвязи между психологической разумностью и личностными качествами студентов. Психологическая разумность рассматривается как способность личности понимать собственные психические процессы, осознанно анализировать внутренний опыт и выявлять причинно-следственные связи своего поведения. В исследовании приняли участие 266 студентов 1-2 курса Казахского национального женского педагогического университета, добровольно согласившихся на участие. В ходе исследования были использованы шкала психологической разумности (Psychological Mindedness Scale, Conte и др.) и личностный опросник «Большая пятёрка». Для выявления взаимосвязей между переменными применялся коэффициент ранговой корреляции Спирмена, а для оценки различий между специальностями был проведён межгрупповой сравнительный анализ. Статистическая обработка данных осуществлялась с использованием программы SPSS. Результаты исследования показали, что психологическая разумность имеет устойчивую положительную связь с такими положительными личностными качествами, как добросовестность и открытость опыту. В то же время нейротизм продемонстрировал отрицательную связь с отдельными рефлексивными компонентами психологической разумности. Сравнительный анализ по специальностям выявил статистически значимые различия в уровне психологической разумности между студентами направлений «Педагогика и психология» и «Дошкольное образование». Полученные результаты подтверждают, что психологическая разумность является многомерной, интегративной психологической конструкцией, тесно связанной с личностной зрелостью, эмоциональной устойчивостью и социальной эффективностью. Выводы исследования имеют теоретическую и практическую значимость для разработки программ психологического сопровождения, направленных на поддержку личностного развития студенческой молодежи.

**Ключевые слова:** психологическая разумность, рефлексия, личностные качества, ответственность, нейротизм, открытость опыту.

D.Abdramanova\*<sup>1</sup>, A.Ermentaeva<sup>1</sup>, A. Garber<sup>2</sup>, M. Bitokova<sup>3</sup>, A. Ayapbergenova<sup>3</sup>

<sup>1</sup>Turan university, Almaty, Kazakhstan

<sup>2</sup> Klinik Reinhardshöhe, Bad Wildungen, Hessen, Germany

<sup>3</sup>Kazakh National Women's Teacher Training University, Almaty, Kazakhstan

[23230837@turan-edu.kz](mailto:23230837@turan-edu.kz)

## The relationship between students' psychological mindedness and personality traits

### Abstract

In the contemporary context of higher education, the study of students' psychological resources-particularly their capacities for self-awareness, reflection, and emotional regulation-represents an important area of scientific inquiry. Within this framework, the present study aims to empirically examine the relationship between students' Psychological Mindedness and their personality traits. Psychological Mindedness is conceptualized as an individual's ability to understand internal psychological processes, consciously analyze personal experience, and recognize the causal relationships underlying one's behavior. The study involved 266 first- and second-year students of the Kazakh National Women's Pedagogical University who voluntarily agreed to participate. The research employed the Psychological Mindedness Scale (Conte et al.) and the Big Five personality inventory. Spearman's rank-order correlation coefficient was used to identify relationships between variables, while intergroup comparative analysis was conducted to assess differences across academic majors. Statistical data analysis was performed using the SPSS software package. The findings demonstrated that Psychological Mindedness is consistently and positively associated with such adaptive personality traits as conscientiousness and openness to experience. At the same time, neuroticism showed a negative association with certain reflective components of Psychological Mindedness. A comparative analysis across academic majors revealed statistically significant

differences in Psychological Mindedness levels between students majoring in Pedagogy and Psychology and those majoring in Preschool Education. Overall, the results indicate that Psychological Mindedness represents a multidimensional and integrative psychological construct closely related to personal maturity, emotional stability, and social effectiveness. The conclusions of the study have both theoretical and practical significance for the development of psychological support programs aimed at fostering the personal development of university students.

**Keywords:** psychological mindedness, reflection, personality traits, conscientiousness, neuroticism, openness to experience.

**Кіріспе.** Қазіргі жоғары білім беру аясында студент тұлғасының жан-жақты дамуы мен оның психологиялық ресурстарын зерттеу өзекті ғылыми мәселелердің біріне айналып отыр. Әсіресе, тұлғаның өзін-өзі түсінуі, ішкі психикалық процестерін рефлексиялау қабілеті және саналы түрде мінез-құлқын реттей алу мүмкіндігі кәсіби және жеке өмірдегі табыстылықтың маңызды алғышарттары ретінде қарастырылады. Осы тұрғыда психологиялық парасаттылық тұлғалық дамудың маңызды психологиялық феномені ретінде зерттеуіміздің негізгі нысаны деп айта аламыз.

Психологиялық парасаттылық — көпқырлы әрі күрделі ұғым. Мысалы, ол өзгеріске деген мотивация мен қабілетті, өз аффектілеріне қолжетімділікті, сезімдер мен мінез-құлық арасындағы байланыстарды көруге деген қызығушылықты, өз проблемалары туралы өзгелерге ашық болуға дайындықты, сондай-ақ өзінің және басқалардың мінез-құлқының мағынасын түсінуге ұмтылысты қамтиды [1]. Психологиялық парасаттылық ұғымы тұлғаның өз эмоцияларын, ойлары мен мінез-құлқын түсінуге, оларды талдауға және психологиялық себеп-салдарлық байланыстарды саналы түрде ұғынуға бейімділігін білдіреді. Зерттеулер бұл қасиеттің психологиялық саулықпен, өзін-өзі реттеу деңгейімен, эмоциялық тұрақтылықпен және тұлғалық жетілумен тығыз байланысты екенін көрсетеді. Сонымен қатар, психологиялық парасаттылық жеке адамның ішкі тәжірибесіне бағытталуын күшейтіп, рефлексиялық қабілеттерінің дамуына ықпал етеді.

Тұлғалық ерекшеліктерді зерттеуде кеңінен қолданылатын «Үлкен бестік» (Big Five) моделі тұлғаның тұрақты және әмбебап қасиеттерін сипаттауға мүмкіндік береді. Экстраверсия, ізгі ниет, адалдық, нейротизм және тәжірибеге ашықтық сияқты негізгі өлшемдер студенттердің мінез-құлықтық, эмоциялық және танымдық ерекшеліктерін кешенді түрде бағалауға жағдай жасайды. Осы модель тұлғаның әртүрлі психологиялық көрсеткіштерімен байланысын анықтауда сенімді теориялық-эмпирикалық негіз ретінде танылады [2]. Ғылыми әдебиеттерде психологиялық парасаттылық пен тұлғалық қасиеттер арасындағы өзара байланыстарды зерттеуге арналған жұмыстар бар болғанымен, «Үлкен бестік» тұлғалық моделі аясында студенттердің психологиялық парасаттылығын кешенді түрде талдауға арналған зерттеулер саны жоқтың қасы деуге болады. Әсіресе, отандық ғылымда бұл феноменнің эмпирикалық тұрғыда зерделенуі жеткіліксіз деңгейде қалып отыр, бұл мәселенің ғылыми маңыздылығын арттыра түседі. Осыған байланысты зерттеуіміздің мақсаты – студенттердің психологиялық парасаттылығы мен «Үлкен бестік» тұлғалық қасиеттері арасындағы өзара байланысты эмпирикалық тұрғыда анықтау. Зерттеу нәтижелері тұлғалық даму заңдылықтарын тереңірек түсінуге, сондай-ақ жоғары оқу орындарында психологиялық қолдау мен дамыту бағдарламаларын жетілдіруге практикалық негіз бола алады.

Психологиялық парасаттылық шкаласы (Psychological Mindedness Scale, Conte et al.). Орыс тіліне М.А. Новикова мен Т.В. Корнилова бейімдеген. Бұл әдістеме респонденттердің өз ішкі психикалық процестерін түсіну және оларды талдауға бейімділік деңгейін анықтауға бағытталған. Шкала өзін-өзі рефлексиялау, психологиялық себеп-салдарлық байланыстарды ұғыну және ішкі тәжірибеге назар аудару сияқты компоненттерді қамтиды [3]. «Үлкен бестік» тұлғалық сауалнамасы (Big Five Inventory). Сауалнама тұлғаның бес негізгі қасиетін бағалауға арналған: экстраверсия, ізгі ниет, адалдық, нейротизм және тәжірибеге ашықтық. Әдістеме

студенттердің тұлғалық ерекшеліктерін кешенді түрде анықтауға мүмкіндік береді және психология саласындағы зерттеулерде кеңінен қолданылады.

Тұлға - адамның ойлау жүйесін, эмоциялық күйін және мінез-құлық ерекшеліктерін айқындайтын негізгі факторлардың бірі. Адам тұлғасы туралы сөз еткенде, біз әдетте оның ойы, сезімі мен әрекеттерінің жалпы бағытын көрсететін қасиеттер мен ерекшеліктердің жиынтығын назарға аламыз. Тұлғаны сипаттайтын бұл қасиеттер бір-бірімен өзара тығыз байланысты болып, адам мінезінің тұтастығын қалыптастырады. Адам тұлғасын құрайтын бес негізгі қырды иерархиялық модель түрінде көрсетуге болады. Бұл модель тұлғаның құрылымын жүйелі түрде түсінуге мүмкіндік береді. Қазіргі таңда тұлғалық сауалнамалар адамның психологиялық ерекшеліктерін зерттеуде кеңінен қолданылатын әрі тиімді әдістердің бірі болып саналады. Бұл сауалнамалар жеке тұлға туралы жан-жақты әрі сенімді ақпарат алуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, практикалық психология саласында жүргізілетін халықаралық ғылыми зерттеулерде қолданылатын тұлғалық сауалнамалардың валидтілігі мен сенімділігіне ерекше назар аударылады.

Индивидуалды психологиялық ерекшеліктерді зерттеу барысында тұлға қасиеттерінің бес факторлы моделіне негізделген «Үлкен бестік» сауалнамасы жиі пайдаланылады. Соңғы жылдары аталған тұлғалық сауалнамалар әлемдік деңгейде диагностикалық зерттеулерде кең таралып, психология ғылымында маңызды құралға айналып отыр. Бес факторлы модель (five-factor model) - тұлғаны бес негізгі фактор арқылы сипаттайтын диспозициялық модель болып табылады. Мұндағы «диспозиция» ұғымы адамның белгілі бір мінез-құлыққа, әрекетке немесе реакцияға бейімділігін білдіреді. «Үлкен бестік» тұлға қырларының таксономиясы ретінде қарастырылады, яғни адамдарды сипаттауда қолданылатын қасиеттерді ортақ атаулармен топтастыратын жүйе болып табылады. Алайда, «Үлкен бестік» толыққанды тұлға теориясы емес, ол эмпирикалық зерттеулер нәтижесінде алынған ғылыми феномен болып есептеледі.

«Үлкен бестік» концепциясын сын тұрғысынан қарастырған Мак-Эдамс өзінің диспозициялық теориясын бес негізгі тұлғалық қырлар негізінде қалыптастырды. Ал В. Хофсти бұл бағыттағы зерттеулерді одан әрі дамытып, «Үлкен бестікті» тұлғаны зерттеудегі психометриялық, яғни факторлық талдауға негізделген дәстүрмен тең парадигма ретінде сипаттады. Сонымен бірге, бес факторлы модельдің қалыптасу тарихына арналған бірқатар ғылыми еңбектер жарық көрді. Күнделікті тілдің лексикасына негізделіп жасалған «Үлкен бестік» тұжырымдамасы маман емес адамдарға да түсінікті әрі қолжетімді. Оның факторлары мінез-құлықты сипаттауға ыңғайлы болып келеді және адамдар бұл ұғымдарды өздері немесе айналасындағы адамдар туралы әңгімелеу барысында еркін қолдана алады. Сонымен қатар, ғылыми зерттеулерде индивидуалды параметрлердің таксономиясы бойынша ортақ келісімнің болуы аса маңызды, себебі мұндай жүйе әртүрлі тұлғалық тұжырымдамалар мен өлшем шкалаларын салыстыруға мүмкіндік беретін нақты критерийлерді ұсынады.

«Big Five» («Үлкен бестік») ұғымы ғылыми әдебиеттерде алғаш рет 1981 жылы Л.Голдбергтің еңбектерінде қолданысқа енгізілді [11]. Ал бес факторлы тұлғалық модельге негізделген «Үлкен бестік» сауалнамасының теориялық-әдіснамалық негіздері америкалық психологтар Р. Маккрае мен П. Коста тарапынан 1983–1985 жылдар аралығында жүйелі түрде әзірленді [9, 10, 12]. П. Костаның тұжырымдауынша, адамның темпераменті мен мінезін сипаттайтын тұрақты тұлғалық факторларды талдау арқылы тұлғаның объективті психологиялық портретін құруға толықтай мүмкіндік бар. Эмпирикалық зерттеулер нәтижелері тұлғаның кешенді психологиялық сипаттамасын жасау үшін бес негізгі фактордың жеткілікті әрі ғылыми тұрғыдан негізделген екендігін көрсетті. Қазіргі кезеңде бес факторлы модель отандық және халықаралық академиялық қауымдастықта кеңінен мойындалып, іргелі ғылыми зерттеулерде де, сондай-ақ қолданбалы психология саласында да кең көлемде пайдаланылып келеді. Тұлғаның психологиялық ерекшеліктері оның өзіне, әлеуметтік ортаға және қоршаған шынайылыққа деген қатынасынан, сондай-ақ мінез-құлықтық көріністерінен айқындалады. Осыған байланысты тұлғалық сипаттамаларды дәл диагностикалау және алынған эмпирикалық деректерді ғылыми негізделген, ашық әрі жүйелі интерпретациялау адам іс-әрекетінің әртүрлі практикалық салаларында маңызды әдіснамалық мәнге ие.

**Материалдар мен әдістер** Зерттеуімізде студенттердің психологиялық парасаттылық көрсеткіштерін мамандықтар бойынша салыстырып, айнымалылар арасындағы байланыстарды анықтау үшін Спирменнің рангілік корреляция коэффициенті қолдандық. Біздің зерттеуіміздің мақсаты студенттердің психологиялық парасаттылығы мен тұлғалық қасиеттері арасындағы өзара байланысты анықтау. Осыған байланысты төмендегідей болжамдарды ұсынамыз. Негізгі (альтернативті) болжам –  $H_1$ : Психологиялық парасаттылық тұлғаның рефлексиялық, эмоциялық және әлеуметтік ресурстарының интегративті көрсеткіші болып табылады және ол адалдық пен тәжірибеге ашықтық арасында оң, ал нейротизммен теріс байланыс бар. Нөлдік болжам –  $H_0$ : Психологиялық парасаттылық тұлғаның рефлексиялық, эмоциялық және әлеуметтік ресурстарымен, адалдықпен, тәжірибеге ашықтықпен және нейротизммен статистикалық мәнді байланыс жоқ. Осы болжамдарды тексеру үшін психологиялық парасаттылықтың құрылымдық компоненттері мен тұлғалық қасиеттер арасындағы өзара байланыс корреляциялық талдау арқылы зерттелді. Зерттеуге Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің ерікті түрде 1-2 курс білім алушыларынан 266 респондент қатысты. Қатысушылардың жасы – 17-20 жас аралығында болды. Қатысушыларға зерттеудің мақсаты түсіндіріліп, құпиялылық пен анонимділік сақталатыны туралы ақпарат берілді. Зерттеу онлайн және офлайн форматта жүргізілді. Қатысушылар сауалнамаларды жеке толтырды. Әрбір респондентке нұсқаулық беріліп, жауап беру уақыты шектелмеді. Алынған эмпирикалық деректер статистикалық өңдеуден өткізілді. Зерттеу барысында мамандықтар бойынша айырмашылықтарды анықтау үшін топаралық салыстырмалы талдау жүргізілді, ал айнымалылар арасындағы өзара байланыстарды бағалау мақсатында Спирменнің рангілік корреляция коэффициенті қолданылды. Статистикалық талдау SPSS бағдарламасы арқылы жүзеге асырылды [14].

**Нәтижелер мен талқылаулар.** Төмендегі кестеде әртүрлі мамандық студенттердің психологиялық парасаттылық көрсеткіштері бойынша жүргізілген топаралық салыстыру нәтижелерін ұсынамыз. Кестеде педагогика және психология, дене шынықтыру, бастауыш білім беру, арнайы педагогика және мектепке дейінгі тәрбие мамандықтарында білім алатын студенттердің көрсеткіштері қамтылған. Бұл деректер тәуелсіз топтар арасындағы айырмашылықтарды анықтау мақсатында есептелген сипаттамалық және салыстырмалы статистикалық көрсеткіштерді көрсетеді.

Кесте 1. Мамандық бойынша жұптық салыстырулар


| Салыстырылатын мамандықтар                         | Критерий мәні | Стандартты қате | Стандартталған статистика (Z) | p-мәні | Түзетілген p-мәні (Bonferroni) |
|----------------------------------------------------|---------------|-----------------|-------------------------------|--------|--------------------------------|
| Педагогика және психология-Дене шынықтыру          | -27,077       | 29,542          | -,917                         | ,359   | 1,000                          |
| Педагогика және психология-Бастауыш білім беру     | 34,688        | 21,775          | 1,593                         | ,111   | 1,000                          |
| Педагогика және психология-Арнайы педагогика       | 39,187        | 22,330          | 1,755                         | ,079   | ,793                           |
| Педагогика және психология-Мектепке дейінгі тәрбие | 67,291        | 22,960          | 2,931                         | ,003   | ,034                           |
| Дене шынықтыру-Бастауыш білім беру                 | 7,611         | 22,505          | ,338                          | ,735   | 1,000                          |
| Дене шынықтыру-Арнайы педагогика                   | 12,110        | 23,042          | ,526                          | ,599   | 1,000                          |
| Дене шынықтыру-Мектепке дейінгі тәрбие             | 40,214        | 23,653          | 1,700                         | ,089   | ,891                           |

|                                                 |         |        |        |      |       |
|-------------------------------------------------|---------|--------|--------|------|-------|
| Бастауыш білім беру-<br>Арнайы педагогика       | 4,499   | 11,507 | ,391   | ,696 | 1,000 |
| Бастауыш білім беру-<br>Мектепке дейінгі тәрбие | -32,603 | 12,686 | -2,570 | ,010 | ,102  |
| Арнайы педагогика-<br>Мектепке дейінгі тәрбие   | -28,104 | 13,616 | -2,064 | ,039 | ,390  |

Әрбір жолда 1-іріктеме мен 2-іріктеменің үлестірімдері бірдей деген нәлдік болжам тексеріледі. Асимптотикалық мәнділік көрсеткіштері екіжақты критерийлер бойынша берілген. Маңыздылық деңгейі  $p = 0,05$  деп қабылданды.

**а.** Мәнділік көрсеткіштеріне бірнеше салыстыру үшін Бонферрони түзетуі енгізілді.

Мамандықтар бойынша психологиялық парасаттылық көрсеткіштерінің жұптық салыстырмалы талдауы нәтижесінде бірқатар топтар арасында статистикалық мәнді айырмашылықтар анықталды. Атап айтқанда, педагогика және психология мамандығы студенттері мен мектепке дейінгі тәрбие мамандығы студенттері арасында психологиялық парасаттылық деңгейі бойынша статистикалық тұрғыдан мәнді айырмашылық байқалды ( $Z = 2,931$ ,  $p = 0,003$ ). Bonferroni түзетуін қолданғаннан кейін де бұл айырмашылық өзінің мәнділігін сақтады ( $p_{\text{adj}} = 0,034$ ), бұл аталған екі топтың психологиялық парасаттылық көрсеткіштері арасында сенімді айырмашылық бар екенін көрсетеді. Қалған мамандықтар арасындағы салыстырулар бойынша (педагогика және психология – дене шынықтыру, педагогика және психология – бастауыш білім беру, педагогика және психология – арнайы педагогика, сондай-ақ басқа мамандық жұптары) статистикалық мәнді айырмашылықтар анықталған жоқ ( $p > 0,05$ ). Бұл топтардың психологиялық парасаттылық деңгейлері өзара ұқсас екенін білдіреді. Айта кету керек, кейбір салыстыруларда бастапқы  $p$ -мәндері маңыздылық шегіне жақын болғанымен (мысалы, бастауыш білім беру – мектепке дейінгі тәрбие, арнайы педагогика – мектепке дейінгі тәрбие), Bonferroni түзетуінен кейін бұл айырмашылықтар статистикалық тұрғыдан мәнсіз деп танылды. Бұл нәтиже бірнеше салыстыру жүргізу кезінде I типті қателіктің алдын алу қажеттігін көрсетеді. Осы көрсеткіштерді диаграмма бойынша қарастырсақ:



Сурет – 1 Мамандықтар бойынша психологиялық парасаттылық көрсеткіштерінің жұптық салыстыру нәтижелері.

Берілген диаграммада мамандықтар бойынша психологиялық парасаттылық көрсеткіштерінің жұптық салыстыру нәтижелері көрсетілген. Диаграммадағы әрбір нүкте белгілі бір мамандық тобының психологиялық парасаттылық бойынша орташа рангісін көрсетеді, ал нүктелерді байланыстыратын сызықтар топтар арасындағы айырмашылықтардың бар-жоғын сипаттайды.

Диаграммаға сәйкес, педагогика және психология мамандығы студенттерінің орташа рангі ең төмен көрсеткіштердің бірі болып табылады (93,90), ал мектепке дейінгі тәрбие мамандығы студенттерінде бұл көрсеткіш ең жоғары мәнге ие (160,29). Аталған екі топ арасындағы айқын визуалдық алшақтық жоғарыдағы кестеде көрсетілген статистикалық нәтижелермен сәйкес келеді және бұл айырмашылықтың статистикалық тұрғыдан мәнді екенін растайды ( $Z = 2,931$ ,  $p_{adj} = 0,034$ ). Қалған мамандықтар (дене шынықтыру, бастауыш білім беру, арнайы педагогика) орташа рангілерінің бір-біріне жақын орналасуы олардың психологиялық парасаттылық деңгейлері арасында айқын айырмашылық жоқ екенін көрсетеді. Бұл нәтиже кестеде берілген жұптық салыстырулар бойынша статистикалық мәнді айырмашылықтардың анықталмауымен ( $p > 0,05$ ) толық сәйкес келеді.

Осылайша, диаграмма мен кесте деректері бірін-бірі толықтырып, психологиялық парасаттылық деңгейіндегі айырмашылықтардың тек жекелеген мамандық жұптарында ғана байқалатынын дәлелдейді.

Ал енді, «Психологиялық парасаттылық шкаласы» мен «Үлкен бестік» арасындағы байланысты Спирменнің рангілік корреляциясы бойынша анықтап көрейік.

Кесте 2. Психологиялық парасаттылық пен тұлғалық қасиеттер арасындағы Спирменнің рангілік корреляциясы

|             |                                                                              |                         | Экстраверсия | Ізгі ниет | Адалдық | Нейротизм | Тәжірибеге ашықтық |
|-------------|------------------------------------------------------------------------------|-------------------------|--------------|-----------|---------|-----------|--------------------|
| р (Спирмен) | Өз проблемаларына қатынас                                                    | Корреляция коэффициенті | ,074         | ,225**    | ,206**  | ,128*     | ,237**             |
|             |                                                                              | Мағынасы. (екі жақты)   | ,230         | ,000      | ,001    | ,037      | ,000               |
|             |                                                                              | N                       | 266          | 266       | 266     | 266       | 266                |
|             | Өз проблемаларын аңғара алу                                                  | Корреляция коэффициенті | ,257**       | ,320**    | ,304**  | -,256**   | ,217**             |
|             |                                                                              | Мағынасы. (екі жақты)   | ,000         | ,000      | ,000    | ,000      | ,000               |
|             |                                                                              | N                       | 266          | 266       | 266     | 266       | 266                |
|             | Адамның өз проблемаларын басқалармен бөлісудің пайдалы жақтарын білу         | Корреляция коэффициенті | ,155*        | ,332**    | ,200**  | -,107     | ,193**             |
|             |                                                                              | Мағынасы. (екі жақты)   | ,012         | ,000      | ,001    | ,082      | ,002               |
|             |                                                                              | N                       | 266          | 266       | 266     | 266       | 266                |
|             | Өзінің және басқалардың мінез-құлқындағы мотивацияны түсіндіруге қызығушылық | Корреляция коэффициенті | -,023        | ,058      | -,082   | -,242**   | -,139*             |
|             |                                                                              | Мағынасы. (екі жақты)   | ,711         | ,347      | ,181    | ,000      | ,024               |
|             |                                                                              | N                       | 266          | 266       | 266     | 266       | 266                |
|             | Жаңа тәжірибелерге (өзгерістерге) ашықтық                                    | Корреляция коэффициенті | ,198**       | ,286**    | ,277**  | -,113     | ,345**             |
|             |                                                                              | Мағынасы. (екі жақты)   | ,001         | ,000      | ,000    | ,065      | ,000               |
|             |                                                                              | N                       | 266          | 266       | 266     | 266       | 266                |

\*\* . Корреляция 0,01 (екі жақты) деңгейінде маңызды.

\* Корреляция 0,05 (екі жақты) деңгейінде маңызды.

Зерттеу барысында психологиялық парасаттылық шкалаларымен тұлғалық қасиеттер «Үлкен бестік» шкалаларының байланысын анықтау мақсатында Спирменнің рангтік корреляция коэффициенті қолданылды. Алынған нәтижелер статистикалық мәнді бірқатар байланыстардың бар екенін көрсетті ( $p < 0,05$ ;  $p < 0,01$ ). Өз проблемаларын қабылдау көрсеткіші ізгі ниетпен ( $r = 0,225$ ;  $p < 0,01$ ), адалдықпен ( $r = 0,206$ ;  $p < 0,01$ ), нейротизммен ( $r = 0,128$ ;  $p < 0,05$ ) және тәжірибеге ашықтықпен ( $r = 0,237$ ;  $p < 0,01$ ) әлсіз оң корреляциялық байланыс көрсетті. Бұл өз проблемаларын қабылдай алатын тұлғалардың басқаларға жылы қарым-қатынас жасап, адалдық танытуға және жаңа тәжірибелерге ашық болуға бейім екенін, сонымен қатар эмоциялық сезімталдық деңгейінің біршама жоғары болуы мүмкін екенін білдіреді. Өз проблемаларын анықтау көрсеткіші экстраверсиямен ( $r = 0,257$ ;  $p < 0,01$ ), ізгі ниетпен ( $r = 0,320$ ;  $p < 0,01$ ), адалдықпен ( $r = 0,304$ ;  $p < 0,01$ ) және тәжірибеге ашықтықпен ( $r = 0,217$ ;  $p < 0,01$ ) оң бағыттағы статистикалық мәнді байланыстарға ие болды. Ал нейротизммен теріс бағыттағы мәнді корреляция байқалды ( $r = -0,256$ ;  $p < 0,01$ ). Бұл нәтижелер өз проблемаларын нақты анықтай алатын тұлғалардың әлеуметтік белсенділігі жоғары, эмоционалдық тұрғыдан тұрақты және конструктивті мінез-құлыққа бейім екенін көрсетеді. Адамның өз проблемаларын басқалармен бөлісудің пайдалы жақтарын білу көрсеткіші экстраверсиямен ( $r = 0,155$ ;  $p < 0,05$ ), ізгі ниетпен ( $r = 0,332$ ;  $p < 0,01$ ), адалдықпен ( $r = 0,200$ ;  $p < 0,01$ ) және тәжірибеге ашықтықпен ( $r = 0,193$ ;  $p < 0,01$ ) оң корреляциялық байланыс көрсетті. Бұл проблемаларды әлеуметтік қолдау арқылы шешуге бейім тұлғалардың ашық, сенімді және өзгелермен тиімді қарым-қатынас орната алатынын айқындайды. Өзін және басқаларды мінез-құлқының мотивациясын түсіндіруге қызығушылық көрсеткіші нейротизммен теріс бағытта мәнді байланысқа ие болды ( $r = -0,242$ ;  $p < 0,01$ ), сондай-ақ тәжірибеге ашықтықпен әлсіз теріс корреляция байқалды ( $r = -0,139$ ;  $p < 0,05$ ). Бұл мінез-құлықтың себептерін талдауға бейім тұлғалардың эмоциялық тұрақтылығы жоғары болатынын көрсетеді. Жаңа тәжірибеге ашықтық (өзгерістерге) көрсеткіші экстраверсиямен ( $r = 0,198$ ;  $p < 0,01$ ), ізгі ниетпен ( $r = 0,286$ ;  $p < 0,01$ ), адалдықпен ( $r = 0,277$ ;  $p < 0,01$ ) және тәжірибеге ашықтықпен ( $r = 0,345$ ;  $p < 0,01$ ) оң бағыттағы статистикалық мәнді байланыстарды көрсетті. Бұл нәтижелер өзгерістерге ашық тұлғалардың әлеуметтік белсенді, кооперативті және тұлғалық дамуға бейім екенін дәлелдейді.

Осылайша, корреляциялық талдау нәтижелері психологиялық парасаттылық пен тұлғалық қасиеттердің арасында өзара оң байланыстың бар екенін көрсетеді. Аталған байланыстар тұлғаның эмоциялық тұрақтылығы мен әлеуметтік тиімділігін арттыруда маңызды рөл атқарады.

**Қорытынды.** Жүргізілген зерттеу психологиялық парасаттылықтың тұлғалық қасиеттермен өзара байланысын эмпирикалық тұрғыдан талдауға және оны тұлғаның рефлексиялық, эмоциялық және әлеуметтік ресурстарын біріктіретін интегративті психологиялық құрылым ретінде сипаттауға мүмкіндік берді. Зерттеу нәтижелері психологиялық парасаттылықтың тұлғаның өзін-өзі тану, проблемаларды саналы түрде қабылдау және оларды конструктивті шешу қабілеттерімен тығыз байланысты екенін көрсетті. Алынған деректер психологиялық парасаттылықтың адалдық пен тәжірибеге ашықтық сияқты тұлғаның оң қасиеттерімен тұрақты оң байланысқа ие екенін айқындады. Бұл психологиялық парасаттылықтың тұлғалық жетілу деңгейімен, саналы өзін-өзі реттеу және рефлексияға бейімділікпен шартталатынын көрсетеді. Адалдық тұлғаның өз мінез-құлқы мен шешімдеріне жауапты көзқарасын қалыптастырып, психологиялық парасаттылықтың маңызды ресурсы ретінде көрінеді. Сонымен қатар, нейротизм психологиялық парасаттылықтың жекелеген рефлексиялық компоненттерімен теріс байланыс көрсетті. Бұл жоғары нейротизм деңгейі эмоциялық тұрақсыздық арқылы тұлғаның өз проблемаларын терең түсінуі мен мінез-құлық мотивациясын саналы талдауына кедергі келтіруі мүмкін екенін білдіреді. Алайда нейротизмнің психологиялық парасаттылықтың барлық компоненттеріне бірдей әсер етпеуі бұл феноменнің көпөлшемді сипатын айқындайды. Жалпы алғанда, зерттеу нәтижелері психологиялық парасаттылықтың тұлғаның эмоциялық күйімен ғана емес, оның әлеуметтік бағыттылығы мен когнитивтік дамуының деңгейімен де

байланысты екенін дәлелдейді. Бұл психологиялық парасаттылықты тұлғаның психологиялық саулығы мен тиімді әлеуметтік бейімделуінің маңызды көрсеткіші ретінде қарастыруға негіз береді. Зерттеу психологиялық парасаттылық феноменін теориялық тұрғыдан нақтылап, оны студент жастардың тұлғалық дамуын зерттеуде және психологиялық қолдау бағдарламаларын әзірлеуде қолданудың ғылыми негізін қалыптастырады.

### ***Пайдаланған әдебиеттер тізімі***

1. Conte H. R., Plutchik R., Jung B. B. Psychological mindedness as a predictor of psychotherapy outcome // *Journal of Nervous and Mental Disease*. – 1994. – Vol. 182, №6. – P. 324–330.
2. Жолдасова М.К., Борбасова Г.Н., Джералд Мэттьюс, Кустубаева А.М. Үлкен бестік бес факторлы тұлғалық сауалнамасының қазақ тілді нұсқасын бейімдеу туралы. *Хабаршы ҚазҰУ. Психология және социология сериясы. No4 (67). 2018*
3. Абдраманова Д.Е., Ерментаева А. Р. Студенттердегі психологиялық парасаттылықтың ерекшеліктері. *Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Хабаршысы, «Психология» сериясы No1(82), 2025. 59-69 б.*
4. Aronson Z.H., Reilly R.R., Lynn G.S. The impact of leader personality on new product development teamwork and performance: The moderating role of uncertainty // *Journal of Engineering and Technology Management*. – 2006. – No 23. – P. 221–247.
5. Новикова М. А., Корнилова Т. В. Психологическая разумность: адаптация методики // *Психологический журнал*. – 2014. – № 4. – С. 45–58.
6. Корнилова Т.В., Новикова М.А. Самооценка в структуре интеллектуально-личностного потенциала человека // *Психологический журнал*. 2011 Т. 32 No2 С. 25–35.
7. Егорова М.С., Паршикова О.В. Психометрические характеристики Короткого портретного опросника Большой пятёрки (Б5-10) // *Психологические исследования*. – 2016. – Т. 9. – No 45. – С.9
8. Shchebetenko S.A. The best man in the world: attitudes toward personality traits. *Психология. Журнал Высшей школы экономики*, 2014. Т. 11. № 3. С. 129–148.
9. McCrae R. R., Costa P. T. Personality in adulthood: A five-factor theory perspective. – New York: Guilford Press, 2003.
10. Costa P. T., McCrae R. R. Revised NEO Personality Inventory (NEO-PI-R) and NEO Five-Factor Inventory (NEO-FFI). – Odessa, FL: Psychological Assessment Resources, 1992.
11. Goldberg L. R. An alternative description of personality: The Big-Five factor structure // *Journal of Personality and Social Psychology*. – 1990. – Vol. 59(6). – P. 1216–1229.
12. McCrae R. R., John O. P. An introduction to the five-factor model and its applications // *Journal of Personality*. – 1992. – Vol. 60(2). – P. 175–215.
13. Taylor G. J., Bagby R. M., Parker J. D. A. Disorders of affect regulation: Alexithymia in medical and psychiatric illness. – Cambridge: Cambridge University Press, 1997.
14. Наследов А. H3IBM SPSS Статистика 20 и AMOS: профессиональный статистический анализ данных. — СПб.: Питер, 2013.-416 с.

### ***References***

1. Conte, H. R., Plutchik, R., & Jung, B. B. (1994). Psychological mindedness as a predictor of psychotherapy outcome. *Journal of Nervous and Mental Disease*, 182(6), 324–330.
2. Zholdasova, M. K., Borbasova, G. N., Matthews, G., & Kustubaeva, A. M. (2018). Adaptation of the Kazakh-language version of the Big Five personality questionnaire. *Bulletin of Al-Farabi Kazakh National University. Psychology and Sociology Series*, 4(67).
3. Abdramanova, D. E., & Ermentaeva, A. R. (2025). Features of psychological reasonableness among students. *Bulletin of Abai Kazakh National Pedagogical University, Psychology Series*, 1(82), 59–69.
4. Aronson, Z. H., Reilly, R. R., & Lynn, G. S. (2006). The impact of leader personality on new product development teamwork and performance: The moderating role of uncertainty. *Journal of Engineering and Technology Management*, 23, 221–247.
5. Novikova, M. A., & Kornilova, T. V. (2014). Psychological mindedness: Adaptation of the methodology. *Psychological Journal*, 4, 45–58.
6. Kornilova, T. V., & Novikova, M. A. (2011). Self-esteem in the structure of an individual's intellectual and personal potential. *Psychological Journal*, 32(2), 25–35.

7. Egorova, M. S., & Parshikova, O. V. (2016). Psychometric characteristics of the Short Portrait Big Five Questionnaire (B5-10). *Psychological Research*, 9(45), 9.
8. Shchebetenko, S. A. (2014). The best man in the world: Attitudes toward personality traits. *Psychology. Journal of the Higher School of Economics*, 11(3), 129–148.
9. McCrae, R. R., & Costa, P. T. (2003). *Personality in adulthood: A five-factor theory perspective*. New York: Guilford Press.
10. Costa, P. T., & McCrae, R. R. (1992). *Revised NEO Personality Inventory (NEO-PI-R) and NEO Five-Factor Inventory (NEO-FFI)*. Odessa, FL: Psychological Assessment Resources.
11. Goldberg, L. R. (1990). An alternative description of personality: The Big-Five factor structure. *Journal of Personality and Social Psychology*, 59(6), 1216–1229.
12. McCrae, R. R., & John, O. P. (1992). An introduction to the five-factor model and its applications. *Journal of Personality*, 60(2), 175–215.
13. Taylor, G. J., Bagby, R. M., & Parker, J. D. A. (1997). *Disorders of affect regulation: Alexithymia in medical and psychiatric illness*. Cambridge: Cambridge University Press.
14. Nasledov A. *IBM SPSS Statistics 20 and AMOS: Professional Statistical Data Analysis*. Saint Petersburg: Piter, 2013. 416 p.

**Авторлар туралы мәлімет:**

Абдраманова Д.Е. - Тұран университеті, Психология жоғары мектебінің 3-ші курс докторанты, Алматы қ., Қазақстан, [23240837@turan-edu.kz](mailto:23240837@turan-edu.kz)

Ерментаева А.Р. - Тұран университеті, Психология жоғары мектебінің пс.ғ. докторы, профессор, Алматы қ., Қазақстан, [a.ermentayeva@turan-edu.kz](mailto:a.ermentayeva@turan-edu.kz).

Битокова М.Қ - әлеуметтік ғылымдарының магистрі, оқытушы, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Қазақстан, Алматы, [bitokovam@inbox.ru](mailto:bitokovam@inbox.ru)

Аяпбергенова А.Ж. - PhD, қауымдастырылған профессор м.а. Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Қазақстан, Алматы. [ayapbergenova.a@qyzpu.edu.kz](mailto:ayapbergenova.a@qyzpu.edu.kz)

**Сведения от авторов:**

Абдраманова Д.Е. - Университет Туран, докторант 3-го курса высшей школы психологии, г. Алматы, Казахстан, эл.поч. [23240837@turan-edu.kz](mailto:23240837@turan-edu.kz)

Ерментаева А.Р. - Университет Туран, доктор пс.н., профессор высшей школы психологии, г. Алматы, Казахстан, [a.ermentayeva@turan-edu.kz](mailto:a.ermentayeva@turan-edu.kz).

Битокова М.Қ - магистр социальных наук, Казахский национальный женский педагогический университет, Казахстан, Алматы, [bitokovam@inbox.ru](mailto:bitokovam@inbox.ru)

Аяпбергенова А.Ж. - PhD, и.о. ассоц. профессор, Казахский национальный женский педагогический университет, Казахстан, Алматы. [ayapbergenova.a@qyzpu.edu.kz](mailto:ayapbergenova.a@qyzpu.edu.kz)

**Information about the Authors:**

Abdramanova Dinara Yermakhanbetovna - Turan University 2nd year doctoral student at the Higher School of Psychology, Almaty, Kazakhstan. E-mail: [23240837@turan-edu.kz](mailto:23240837@turan-edu.kz)

Ermentayeva, A. - Turan University, Doctor of Psychology, Professor of the Higher School of Psychology, Almaty, Kazakhstan. E-mail: [a.ermentayeva@turan-edu.kz](mailto:a.ermentayeva@turan-edu.kz)

Bitokova Madina - Master of Social Sciences, Lecturer, Kazakh National Women's Teacher Training University, Kazakhstan, Almaty, [bitokovam@inbox.ru](mailto:bitokovam@inbox.ru)

Ayapbergenova Almira - PhD, associate Professor Kazakh National Women's Teacher Training University, Kazakhstan, Almaty. [ayapbergenova.a@qyzpu.edu.kz](mailto:ayapbergenova.a@qyzpu.edu.kz)